



№43 (8195)
30 қазан
БЕЙСЕНБІ,
2025 ЖЫЛ



Жылыой аудандық қоғамдық-саяси газеті

Кен Жылой
Газет 1933 жылы 4 қазаннан шыға бастады



www.facebook.com/kenzhylol
ken_jyloi_gazeti

* Инфрақұрылым

ГАЗДЫҢ ҚҰНЫ МЕН САПАСЫ: тұрғындар не дейді?



Еңірде газ бағасы қымбаттауы мүмкін. Бұл туралы «Жылыойгаз» ЖШС таратушы құбырлар арқылы табиғи газды тасымалдау тарифінің шекті деңгейін 2026-2030 жылдарға бекіту бойынша қоғамдық тыңдауында мәлімдеді. Сейсенбі күні өткен жиында жылыойлықтар «Жылыойгаз» ЖШС директоры Әлішер Мұхитов пен ҚР Ұлттық экономика министрлігі табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Атырау облысы бойынша Департаментінің басшысы Арман Өтегеновпен кездесіп, газ бағасының өсуіне қарсылық білдірді.

➔ 3-БЕТ

* Жаһандық бастамалар



Көпвекторлы саясаттың жемісі

Биыл Қазақстанның сыртқы саясатында халықаралық ынтымақтастық тұрғысынан белсенді кезеңдердің бірі болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлемнің бірнеше мемлекетімен маңызды келіссөздер жүргізіп, стратегиялық әріптестікті кеңейтуге бағытталған бірқатар құжаттарға қол қойды.

Қысқаша талқылап өтсек, ақпан айында Астанада Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы саяси консультациялар өтті. Кездесуде тараптар сауда-экономикалық, көлік логистикалық және энергетика салаларындағы байланыстарды дамытуға келісті. Сауда айналымын 1 миллиард АҚШ долларына жеткізу мақсаты басты назарға алынды.

Маусым айында Қазақстан мен Иран сыртқы істер министрлері келіссөз өткізіп, өзара сауда көлемін арттыру және Каспий теңізі арқылы жүк тасымалын жандандыру мәселелерін талқылады. 2024 жылы екі ел арасындағы сауда 12,3%-ға өссе, 2025 жылы бұл көрсеткіш одан әрі ұлғая түсті.

Ал сәуірде өткен стратегиялық диалог барысында Қазақстан мен Қытай энергетика, инфрақұрылым және көлік логистикасы салаларында ынтымақтастықты тереңдету туралы өзара уағдаласты. Бұл келіссөздер «Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында өзара тиімді жобаларды дамытуға жол ашты. Атап айтуды керек, «Бір белдеу, бір жол» Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин әлем деңгейінде ұсынған үздік әлемдік халықаралық ынтымақтастық бастамасы болған еді. Сонымен қатар Самарканд қаласында өткен Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдерінің алғашқы саммитіне Қазақстан белсенді

түрде қатысты. Кездесуде тараптар сауда, энергия, су ресурстары және цифрлық даму салаларында стратегиялық серіктестікті нығайту туралы декларация қабылданды.

Ал қыркүйек айында Қазақстан мен Пәкістан «Ынтымақтастық бойынша іс-әрекет жоспарын» жүзеге асырды. Құжат саясат, экономика, қорғаныс, ғылым, мәдениет және туризм салаларын қамтиды. Бұл жоспар екі ел арасындағы байланыстарды жүйелі түрде дамытуды көздейді.

Шілдеде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан Республикасымен достық пен одақтастық туралы шартты ратификациялады. Бұл құжат екі елдің саяси және экономикалық қарым-қатынасын жаңа деңгейге көтеруді мақсат етеді.

Қорытындылай келе, 2025 жылы Қазақстанның сыртқы саясаты көпвекторлы бағытты ұстана отырып, көршілес және серіктес мемлекеттермен өзара тиімді қатынастарды дамытуға басымдық берді. Бұл келіссөздер елдің халықаралық абыройын нығайтып, тұрақты даму жолын айқындай түскендей. Бұл бағыттағы табандылық және парасат Қазақстанның болашағын айқындайтын басты бағдарлардың бірі болмақ.

А.ЕРДЕНҚЫЗЫ

* Білім

Ұлттық рух – ұрпақ санасында

Аудандағы №1 мектепте «Егемен елдің өңсесі биік» атты шара өтті. Мақсаты оқушыларға Қазақстан Республикасының қалыптасу тарихы мен маңызын түсіндіру, елдің тәуелсіздігі мен бірлігіне деген құрмет сезімін арттыру, оқушыларды отансүйгіштікке, ұлттық мақтанышқа, азаматтық жауапкершілікке тәрбиелеу еді.

Ел байрағы ұлықталып, әнұранымызбен ашылған іс-шарада мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айнаш Байғабылова сөз сөйлеп, баршаны мерекемен құттықтады. Білім ордасына енді ғана аяқ басқан мектепалды даярлық «В», «Г» сыныбының оқушылары Аян Серік, Шахназ Салық, Әли Исатай, Айғаным Таңатқызы, Інжу Шымырбай, Кәусар Еркемқызы, Назар Абаттар тебірене Отан, туған жер туралы тақпақ айтса, Данияр Темірбек, Ибрахим Нұржан, Хан-Сұлтан Қанапия, Аян Серік, Бағдан Берқалиев, Мұхаммад Инус, Нұр-Ахмет Мырзахмет, Қанағат Төлегендер қазақ биін рухты қимылмен

орындады. Оқушыларды шараға дайындаған мектепалды тәрбиеленушілерінің жетекшісі Марал Кульчиқованың миссиясы - еліміздің тұтқасын ұстар болашақ ұрпақтың бойына қазірден бастап патриоттық сезім ұялату еді. Көпшілік жас балғындарға ризашылықпен ду қол соқты. Сондай-ақ білім ордасының жоғары сынып оқушылары айтулы күн туралы тұшымды әңгімелер айтып, ән мен жырдан төгілті. Қатысушылармен қатар көрермендердің де жүрегін тебіrentкен әдемі шара осылайша жоғары деңгейде өтіп, ұмытылмас әсер қалдырды.

Ш.ХАМИТОВА

Бүгінгі сандық

Несие дауы мәмлеге келді

➔ 6-БЕТ



* Баспасөз - 2026

Кен Жылой

ГАЗЕТИНЕ 2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

KAZPOST



ИНДЕКС:
65583

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН: 1 ЖЫЛҒА - 8559, 20 ТҒ.

6 АЙҒА - 4279,60 ТҒ.

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ҮШІН: 1 ЖЫЛҒА - 4769, 44 ТҒ.

6 АЙҒА - 2384, 72 ТҒ.

№43 (8195)
30 қазан,
2025 жыл

* Қаржы секторы

ARGYMAQ коллекциялық монеталары айналысқа шығады

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» сериясынан ARGYMAQ коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады. Осы монета «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» сериясын аяқтайды.



Коллекциялық монеталар 2025 жылғы 22 қазаннан бастап ҚҰБ <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылады. Монета адам мен табиғаттың үндестігін бейнелейтін түркі мәдениетіндегі басты жануардың бірі – қасиетті арғымақты бейнелейді. Оның дизайны «сақ стилінде» жасалған жануардың шынайы және трафареттік бейнесіне негізделген.

Номиналы 5 000 теңгелік және 1 000 теңгелік ARGYMAQ монеталарының сипаттамасы

Күмістен жасалған монеталарды даярлау кезінде алтын жалату және гауһартас қондыру технологиясы қолданылған. Монеталардың бет жағы мен сырт жақ бейнесі бірдей. Монеталардың бет жағы (avers) ұлттық ою-өрнекпен жиектелген. Сол сияқты соғылған жылы, номиналы, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі мен монетаның металы, оның сынамасы мен массасын білдіретін жазу бар. «QAZAQSTAN RESPYBLIKASY•REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» жазуы монета бетіне айналдыра жазылған. Монеталардың сырт жағында (реверсінде) номиналы 5 000 теңгелік монетада – диаметрі 2 мм, ал номиналы 1000 теңгелік монетада – 1 мм гауһар тасы қондырылған арғымақ басының шынайы және трафареттік

бейнесінің композициясы берілген. Жоғарғы бөлігінен «ARGYMAQ» жазуын оқуға болады. Периметрі бойынша сәндік элементтері бар кең жиекті.

Номиналы 5 000 теңгелік монетаның бейнесі

- күмістен дайындалған, сынамасы – 925, массасы 25 oz (777,5 гр.), диаметрі 100 мм, қондырылмалы гауһар тасының диаметрі 2 мм, дайындау сапасы – «proof», номиналы 5000 теңгелік, таралымы 250 дана;
- күмістен дайындалған, сынамасы – 925, массасы 31,1 грамм, диаметрі 38,61 мм, қондырылмалы гауһар тасының диаметрі 1 мм, дайындау сапасы – «proof», номиналы 1000 теңгелік, таралымы 4 000 дана.

Номиналы 500 теңгелік және 200 теңгелік ARGYMAQ монеталарының сипаттамасы

Монеталар МН 25 мельхиор қоспасынан, «proof-like» және «brilliant uncirculated» сапасында дайындалған. «Proof-like» сапасында әзірленген монетада алтын жалату технологиясы қолданылып отыр. Монеталардың бет жағы (avers) ұлттық ою-өрнекпен жиектелген. Сол сияқты соғылған жылы, номиналы, Қазақстан теңге сарайының тауар белгісі орналасқан. «QAZAQSTAN RESPYBLIKASY•REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» жазуы монета бетіне айналдыра жазылған. Монеталардың сырт жағында (реверсінде) номиналы 500 теңгелік монетада – диаметрі 2 мм, ал номиналы 200 теңгелік монетада – 1 мм гауһар тасы қондырылған арғымақ басының шынайы және трафареттік

RESPYBLIKASY•REPUBLIC OF KAZAKHSTAN» жазуы монета бетіне айналдыра жазылған.

Монеталардың сырт жағында (реверсінде) арғымақ басының шынайы және трафареттік бейнесінің композициясы, ал жоғарғы бөлігінде – «ARGYMAQ» жазуы бар. Периметрі бойынша сәндік элементтері бар кең жиекті.

- мельхиор қоспасынан тұрады, массасы 15 грамм, диаметрі 33 мм, дайындау сапасы – «proof-like», номиналы 500 теңгелік, таралымы – 7 000 дана;
 - мельхиор қоспасынан дайындалған, массасы 11,17 грамм, диаметрі 31 мм, дайындау сапасы – «brilliant uncirculated», номиналы 200 теңгелік, таралымы – 15 000 дана.
- Монеталардың барлық түрі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылданауға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алынуға, аударылуға, ұсақталып, айырбасталуға міндетті.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалған.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Атырау филиалының қолма-қол ақшамен жұмыс және қасалық операциялар бөлімі

ХАБАРЛАНДЫРУ

- Жобаның атауы: «Жыланқабақ кен орнын игеру жобасына» ықтимал әсерлер туралы есеп
- Ықпал ету аумағы: учаске аумағының географиялық координаттары 1) 47°36'59.95"с.е. 54°25'21.73"ш.б.; Жобалау жұмыстары Атырау облысы, Жылыой ауданы аумағында жүргізілетін болады (47°29'20.45"с.е. 54°38'29.73"ш.б.).
- Қоғамдық тыңдаулар: 2025 жылғы 10 желтоқсанда сағат 10:00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аккиізтоғай а. а., Аккиізтоғай а., Мендекеш Сатыбалдиева к., 1 ғимарат мекен-жайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді. Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/85635523663?pwd=omYlenK4kzRRYDWAm5dY6dpX0GZxlW.1> Конференция идентификаторы: 856 3552 3663 Кіру коды: 401303
- Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Z Munai» ЖШС, БСН: 211040021741, Атырау к., Сәтбаев к. 15в. Байланыс тел.: +7(701)-501-01-09. Эл.пошта: a.karakuzov@mail.ru
- Әзірлеуші: "Timal Consulting Group" ЖШС, БСН: 080440002381. Өкілі: Төлеуішова Гүлнар. Байланыс тел. +7(7122)30-45-55 ішкі. 219, ұялы. 8-708-536-18-25 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz
- Жоба материалдары сайтта орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat>
- Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекен-жайлар бойынша қабылданады: "Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, тел: +7-(7122)-35-45-59, электрондық мекен-жай: atr.priroda@atyrau.gov.kz,<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat>, <https://ndbecology.gov.kz/>
- Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қаласы, ш/а, мекен-жайы мен нөмірі бойынша білуге болады: Нұрсая, Елорда даңғылы, 33-құрылым. Тел: 8(7122)30-45-55 ішкі.219 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz

ЖАРНАМА ТЕЛЕФОНЫ:

8-701 413 95 22

Құлсары қаласы тұрғындарының назарына!

Құлсары қаласының көшелеріне атау беру туралы мәселесін талқылау жөніндегі жиналыс 2025 жылдың 3 желтоқсан күні сағат 15:00-де Құлсары қаласы әкімі аппаратында қоғамдастық мүшелерімен өткізілетінін хабарлаймыз.

Құлсары қаласы әкімі аппараты

Неміс есту аппараттары сатылады. Тел.: 8-70 101 05 91.

Лицензия №КЗ60UBUC00000788-28.07.2014 ж. Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасы.

4-ауыл, Автомектепке қатарлас, «Жанат» дүкеніне қарама-қарсы, Қараманов көшесі, №550 үй жиназдарымен келісім бойынша сатылады.

Тел.: 8-702 324 48 48.

"Кең Жылой" газетінің сайтына, 20 700 оқырманы бар инстаграм парақшасына жарнамалар мен құттықтаулар қабылдаймыз.

Жарнама бөлімі.



«Эмбамунайгаз» АҚ ҚР ҚР Экологиялық Кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында келесі мекен жай бойынша қоғамдық тыңдауды өткізу туралы хабарлайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Қосшағыл ауылы, Қосшағыл ауылы, № 2 орта мектептің мәжіліс залы ғимаратында, 2025 жылдың 05 желтоқсанында, сағат 15:00-де, «Атырау облысы Жылыой ауданындағы «Доссормұнайгаз» МГӨБ (4 ұңғыма) ұңғымаларды жайластыру» жұмыс жобасы.

Геологиялық бөлу координаттары: СЕ 46° 59'34,54" ', ШБ 53° 14' 14,57".

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Атырау облысы, Жылыой ауданы

Zoom платформасында онлайн режимінде қосылу үшін сілтеме: Zoom <https://us06web.zoom.us/j/86313118896?pwd=Ze4s4ETVpfbV3ESqSd4tHmx3rhp5z1.1>

Жеке конференцияның идентификаторы: 863 1311 8896. Кіру коды: ve38iE.

Жобалық құжаттамамен бірыңғай экологиялық порталда <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, сондай-ақ Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> орналастырылған.

Жергілікті атқарушы органның электрондық мекен-жайы және пошталық мекен-жайы: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 060011, Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: ga.arystanova@atyrau.gov.kz / Тел.: 8(7122)32-55-09, БСН 050140002850.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Ембімұнайгаз» АҚ, Атырау облысы, Атырау к-сы, Уалиханов к-сі, 1. БСН 120240021112, мэйл: a.kalibekova@emg.kmg.kz

Жобаны жасақтаушы: «ЭКО НАЙС» ЖШС. Атырау облысы, Атырау к-сы, Лесхоз, 14 үй. БСН: 131040011648, 8-701-524-42-19, мэйл: ECO NAYS@MAIL.RU.

Қосымша ақпаратты мына эл.мекен-жай бойынша алуға болады: ECO NAYS@MAIL.RUжәне 87019772110 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

АО "Эмбамунайгаз" в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, объявляет о проведении общественного слушания в форме открытого собрания по адресу Атырауская область, Жылыойский район, Косцагилский с.о., с.Косцагил, актовый зал средней школы №2, 05 декабря 2025г. в 15:00ч. по проекту: Рабочий проект «Обустройство скважин месторождения НГДУ «Доссормунайгаз» (4скв.) Жылыойского района, Атырауской области».

Координаты геологического отвода: С.Ш. 46° 59'34,54", ВД 53° 14' 14,57".

Перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: Атырауская область, Жылыойский район

Ссылка для подключения на платформе Zoom: Zoom <https://us06web.zoom.us/j/86313118896?pwd=Ze4s4ETVpfbV3ESqSd4tHmx3rhp5z1.1>

Идентификатор конференции: 863 1311 8896. Код доступа: ve38iE

Проектная документация размещена на едином экологическом портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz/Public/PubHearings>, а также на сайте управления природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: ГО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», 060011, Атырауская область, г. Атырау, улица Әйтеке би, 77, e-mail: ga.arystanova@atyrau.gov.kz / Тел.: 8(7122)32-55-09, БИН 050140002850.

Инициатор намечаемой деятельности: АО «Эмбамунайгаз». Атырауская область, г. Атырау, ул. Валиханова, 1БИН 120240021112, мэйл: a.kalibekova@emg.kmg.kz

Проектная организация: ТОО «ЭКО НАЙС». Атырауская область, г. Атырау, Лесхозд 14. БИН: 131040011648, 8-701-524-42-19, мэйл: ECO NAYS@MAIL.RU.

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу ECO NAYS@MAIL.RU также по сот.: 87019772110

НОТАРИУС ХАБАРЛАЙДЫ

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 29 тамыз 2025 жылы қайтыс болған аз. Утеғалиева Рита Райзаевнаның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы нотариаттық кеңсесінің нотариусы Қуанышева Назгүл Қайырбекқызы (лиц.№24035474 ҚР Әділет министрлігімен 25.12.2024 ж. берілген) хабарлайды: 26 мамыр 2025 жылы қайтыс болған аз. Сүлейменова Нуржауғаннның атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұрайды: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет даңғылы, №103, 4-кабинет (бизнес центр «Askar»). Тел.: 8775 812 00 94.

ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Жобаның атауы: Әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар: «Қырымкыттық кен орнын кеңейту жобасы. Атырау облысы. Жылыой ауданы» ҚОҚБ

2. Ықпал ету аумағы: Участке аумағының географиялық координаттары 1)47°31'00"с.е. 54°36'00"ш.б.; 2)47°32'00"с.е. 54°37'57"ш.б.; 3)47°31'40"с.е. 54°39'44"ш.б.; 4)47°30'40"с.е. 54°41'29"ш.б.; 5)47°29'44"с.е. 54°41'41"ш.б.; 6)47°28'51"с.е. 54°41'09"ш.б.; 7)47°27'86"с.е. 54°40'00"ш.б.; 8)47°27'10"с.е. 54°38'38"ш.б.; 9)47°27'15"с.е. 54°36'50"ш.б.; 10)47°27'29"с.е. 54°35'54"ш.б.; 11)47°28' 30"с.е. 54°34'05"ш.б.; Жобалау жұмыстары Атырау облысы, Жылыой ауданы аумағында жүргізілетін болады (47°29'20.45"с.е. 54°38'29.73"ш.б.).

3. Қоғамдық тыңдаулар: 2025 жылдың 5 желтоқсанда сағат 10:00-де Атырау облысы, Жылыой ауданы, Аккиізтоғай а. о., Аккиізтоғай а., Мендекеш Сатыбалдиева к., 1 ғимарат мекен-жайы бойынша ашық жиналыстар түрінде өтеді.

Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us06web.zoom.us/j/84086997372?pwd=zzI4FivxQPiwfLaecQguhUilWp8Xq.1> Конференция идентификаторы: 840 8699 7372 Кіру коды: 705095

4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «ANACO» ЖШС, БСН: 070340007337, Атырау к., Құрманғазы к-сі, 6 үй. Байланыс тел: +7(7122)76-20-51,76-20-57. Эл.пошта: a.salamatuly@anaco.kz

5. Әзірлеуші: "Apex Energy Solutions" ЖШС, БСН: 080440002381. Өкілі: Төлеуішова Гүлнар. Байланыс тел. +7(7122)30-45-55 ішкі. 219, ұялы. 8-708-536-18-25 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz

6. Жоба материалдары сайтта орналастырылған: <https://ndbecology.gov.kz/> және <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat>

7. Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар жазбаша және электронды түрде мына мекен-жайлар бойынша қабылданады: "Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, Атырау қаласы, Әйтеке би көшесі, 77, тел: +7-(7122)-35-45-59, электрондық мекен-жай: atr.priroda@atyrau.gov.kz,<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat>, <https://ndbecology.gov.kz/>

8. Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты Атырау қаласы, ш/а, мекен-жайы мен нөмірі бойынша білуге болады: Нұрсая, Елорда даңғылы, 33-құрылым. Тел: 8(7122)30-45-55 ішкі.219 e-mail: Toleuishova.G@timal.kz

Жылыой аудандық мәслихатының аппараты және депутаттар корпусы мәслихат аппаратының бас маман-есепшісі Шауқымова Дәндігүл Төлегенқызының әкесі

ТӨЛЕГЕН ЖАЙЖАНУЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты ағайын, тума-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.